«6D050400» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Калиаждарова Шынар Идрышевнаның «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары және инновациялық үлгісінің қалыптасуы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

С Ы Н - П І К І Р І

р/н №	*Критерийлер*	*Критерийлер сәйкестігі*	*Ресми рецензенттің ұстанымы*
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы №145 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасының негізгі мақсаттары мен қағидаттарына толық сәйкес келеді. Ақпараттық кеңістікті дамыту, беделді отандық бұқаралық коммуникация құралдарының әлемдік медиа-нарықта бәсекеге түсуге мүмкіндік беретін сапалы контент шығаруы, ақпараттық саясатты жетілдіру, отандық ақпараттық контенттің бәсекеге қабілеттілігі мен сапасын арттыру сияқты Доктринаның басымдықтарына диссертация теориялық және практикалық мазмұнымен жауап береді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясы 2023 жылдың қазан айында бекіткен еліміздегі ғылымды дамытудың басым бағыттарына сәйкес дайындалған. Нақты айтқанда, ғылымды дамытудың «Елдің зияткерлік әлеуеті» атты 4-ші басым бағыты бойынша 2-ші мамандандырылған «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулердің 2.6 Журналистика және бұқаралық ақпарат құралдары және 2.8 Мәдениет және өнер саласындағы пәнаралық зерттеулер. Қазақстанның креативті индустриялары, 2.9 Әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ақпараттық және цифрлық технологиялар» атты бөлімдеріне сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	**Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады**/қоспайды, **ал оның маңыздылығы ашылған**/ашылмаған.	Ақпараттық дәуірдегі ұлттың мәдени-рухани қазынасын сақтауда, оны жаңа коммуникациялық ортаға бейімдеп дамытуда телевизияның атқаратын мақсат-міндеттерін ғылыми тұрғыда зерттеудің өзектілігі күн санап артуда. Қазақ телевизиясының технологиялық үрдістерге бейімделу процесін, шығармашылық ерекшеліктерін жүйелеп тұжырымдау

			арқылы диссертация отандық журналистиканың ғылыми-теориялық негізін жетілдіруге елеулі үлес қосады. Ұлттық телевизияны инновациялық қызметтің субъектісіне айналдыру мақсатын ғылыми негіздеу де диссертацияның маңызын өсіріп тұр.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертациялық жұмысты дайындау барысында жарияланған ғылыми мақалалар мен конференцияларда жасалған баяндамалардан ізденушінің жазу дағдыларының жоғары деңгейі анық байқалады. Ізденушінің өзіндік жазу стилі мен қолданылған терминологиялық базадан бірізділік, ғылыми баяндауда логикалық тұтастық көрінеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыста цифрлық технологиялар жағдайында Қазақстанның телевизиялық өндіріс саласындағы өзгерістерді зерттеу бірінші кезекке шығарылғаны қуантады. Өйткені бұл мәселелер бүгінгі телевизия ғана емес, тұтастай бұқаралық коммуникация құралдарының қызметін мемлекет пен ұлт мүддесіне бұру тұрғысынан ерекше өзекті проблема. Цифрлық технологиялардың телеарна өндірісіне енгізілуі, телехабар тарату инфрақұрылымы, соның ішінде, цифрлық стандартқа ауысу, онлайн телевизия формалары отандық телевизия индустриясы үшін жаңа кезеңнің басталғанын, үлкен мүмкіндіктердің пайда болғанын көрсетуде. Бұл тек ақпарат саласы үшін ғана емес, жалпы мемлекеттің ақпарат саясатында өзектілігі күшейген бағыт болып қалыптасуда. Сондықтан диссертация тақырыбының өзектілігі бүгінгі күннің отандық медиа саланың теориялық негізін жетілдіруге арналған ғылыми сұранысқа толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) **айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Кіріспеден, үш тараудан, Қорытынды бөлім мен пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұратын зерттеу еңбегінің құрылымы оңтайлы жоспарланған. «Технологиялық инновация негізінде телехабар тарату жүйесіндегі ерекшеліктер: дәстүр және сабақтастық», «Жаңа кезеңдегі қазақ телевизиясы дамуының тәжірибесі және аудиториямен байланыстары» және «Телевизиялық шығармашылықты жетілдірудің қазақстандық үлгісі» деп аталатын тараулар да, олардың

			бөлімдері де диссертациялық жұмыстың тақырыбын ашуға, мазмұнын кеңейтуге мол мүмкіндік береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді**; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Қазақстанның хабар тарату жүйесі мен телевизия саласының даму тенденцияларын анықтау, ақпарат таратудағы инновациялық шешімдерді қолданудың маңызын дәлелдеу, онлайн форматқа көшуде отандық телеарналардың шығармашылық-технологиялық өзгерістерін талдау ғылыми еңбектің мақсаты деп бекітілген. Докторлық диссертация тақырыбының ғылыми-практикалық мәні мен өзектілігі ескеріліп, отандық телевизиялық индустриядағы трансформациялық үдерістерді жүйелеп талдау, телевизиялық шығармашылық дәстүрге жаңа форматтар мен инновациялық тәсілдерді қолдану мүмкіндіктерін зерттеу, салалық телеарналардың даму үрдісін айқындау мен бәсекелестік ортада телевизия өнімдерін дайындау мен таратудың тиімді жолдарын сараптау сияқты міндеттер орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның тараулар мен бөлімдері логикалық даму заңдылығына сәйкес толық байланысқан. «Технологиялық инновация негізінде телехабар тарату жүйесіндегі ерекшеліктер: дәстүр және сабақтастық», «Жаңа кезеңдегі қазақ телевизиясы дамуының тәжірибесі және аудиториямен байланыстары» және «Телевизиялық шығармашылықты жетілдірудің қазақстандық үлгісі» деп аталатын үш негізгі тараудың әрқайсысы үш бөлімнен құралған. Тараулар мен бөлімдердің тақырыптары мен мазмұнындағы жүйелілік пен өзара байланыстылық, бірін-бірі толықтыруы диссертациялық жұмыстың сапасына оң әсерін тигізген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) **дәлелденіп**, бұрыннан белгілі шешімдермен **салыстырылып бағаланған**: 1) **сыни талдау бар**; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертацияда ізденуші ұсынған жаңа тұжырымдар дәлелденіп, қолданған қағидаттар мен ғылыми дәйектеу әдістері дұрыс таңдалған. Ізденушінің жаңа тұжырымдары мен тың пайымдаулары осыған дейін белгілі болған ғылыми көзқарастармен сыни талдау негізінде салыстырыла сарапталған, ажыратылып көрсетілген. «Бүгінгі телевизия индустриясындағы трансформациялық үрдістер», « Телевизиядағы жаңа форматтар мен инновациялық жобалар уақыт талабынан туындаған шығармашылық ізденіс» және

			«Бәсекелестік ортада телевизия өнімдерін таратудың авторлық тұжырымдамасы» атты бөлімдерде ізденушінің жаңаша тұжырымдар мен ой-пікірлерге құрылған өзіндік сыни талдаулары айқын көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Ізденуші алдына қойған мақсаттар мен міндеттерге жету барысында мынандай жаңа нәтижелерге қол жеткізген: отандық телевизия саласының цифрлық дәуірдегі хабар тарату үрдістері, олардың ерекшеліктері технологиялық эволюциямен байланыстырылып алғаш рет ғылыми тұрғыда зерттелді; конвергентті редакция қызметі, онлайн телевизия мен мобильді қосымшалар, телеарналардың мультиплатформаларға бейімделуі сарапталды; салалық телевизия арналарының қызметіне ғылыми тұрғыда жүйелі баға берілді; телевизия саласындағы заманауи менеджменттің талаптары аталып, телевизия өндірісіндегі аутсорсинг қызметіндегі ерекшеліктер ғылыми негізде талданды; «Qazaqstan» мен «Хабар», басқа да тәуелсіз телеарналардың инновациялық тәсілдерді қолданып жасаған 30-ға жуық бағдарламаларына сыни талдау жасалған. Осы айтылғандар ізденуші еңбегінің, зерттеу нәтижелерінің толығымен жаңа екендігін дәлелдейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. 5.1 пунктінде келтірілген нәтижелер Қазақ елінің телевизия саласын дамытуға айтарлықтай үлес қосады деп сенемін. Диссертацияның қорытынды тұжырымдары академиялық қауымдастық пен ақпараттық-коммуникациялық салаға жауапты мемлекеттік органдар, медиа құрылымдар тарапынан теориялық және практикалық қызығушылық туғызары анық. Әрбір қорытынды тұжырым жан-жақты жасалған ғылыми талдауларға негізделген. Осының бәрі ғылыми зерттеудің құндылығы мен қорытынды нәтижелерінің жаңашылдығын көрсетеді.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) **толығымен жаңа**; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертация жаңа дәуір телеарналарының инновациялық бағытын зерттеуге арналғандықтан зерттеу жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың телевизия қызметіне ықпалы, техникалық, технологиялық, экономикалық аспектілері мен менеджмент мәселелері толығымен жаңаша талданған. Ізденуші ұсынған жаңа шешімдер зерттеудің «Ғылыми-техникалық прогрестің басымдықтары және ақпарат таратудағы телевизияның жетекші орны», «Телевизиядағы жаңа форматтар мен инновациялық жобалар», «Ақпараттық технологиялардың бүгінгі үрдісі, телевизиядағы менеджмент пен маркетингтің өзекті мәселелері» атты бөлімдерде теориялық талдаулар мен нақты тілдік деректер арқылы толығымен жаңадан дәлелденген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда **ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Ғылыми жұмыстың қорытындылары ғылыми негіздерге сүйеніп, ауқымды дәлелдемелермен түйінделген. Әрбір тараудың соңында бөлімдердің мазмұнын түйіндейтін сенімді қорытындылар жасалған. Диссертацияның Қорытынды бөлімінде сол жинақталған ойлар мен пікірлердің негізінде ғылыми еңбектің жалпы тұжырымдары келтіріледі. Ізденуші өзінің ғылыми тұжырымдарын талдау мен сараптау әдістерін қолданып, ауқымды дереккөздер мен зерттеу материалдарына сүйеніп, нақты дәлелдермен бекіткен.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) **дәлелденді**; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) **жоқ** 7.3 Жаңа ма? 1) **ия**; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа;	Диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері негізінде ізденуші мынандай қағидаттарды қорғауға ұсынады: цифрлық технологияға көшу үдерісі телевизия келбетін түбегейлі өзгертіп, көпарналы, мультиплатформалы ортаға айналдырды; ұлттық цифрлық телехабар тарату жүйесі қалыптасты, цифрлық технологиялар хабар таратуды ұтымды жасады, желілік ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. Қоғамдағы ақпараттық теңсіздік мәселесі жойыла бастады; ақпараттық технологиялардың қоғамдағы әсері күшейген сайын саясат, мәдениет, білім мен ғылым салаларында ілгерілеушілік байқалады. Журналистиканың ықпалы артып, ұлттың рухани-мәдени байлығын жаңа заманға бейімдеу үрдісінде шешуші рөл атқара бастады, заманауи мәдениеттің жаңа элементтерін қалыптастыруда шешуші құралға айналды; телевизия өндірісіндегі трансформациялар телеарналардың

		3) **кең** 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) **ия**; 2) жоқ	бәсекесін күшейтті, дәстүрлі телеарналар бірнеше платформадан хабар таратуға көшті, салалық және онлайн форматындағы телеарналар пайда бола бастады; әлемдік, отандық ақпарат кеңістігіндегі түрленулер телевизия индустриясын өзгертті, шығармашылық ізденісті жандандырды. Жаңа форматтағы инновациялық жобалар шығарылды, күрделі жанрлар пайда болды, тележурналистика жаңа деңгейге көтерілді; интернеттің дамуы телеарналардың аудиториямен байланысын күшейтті. Бүгінгі көрермен телевизия контентін көріп қана қоймай оны бірге жасаушы субъектіге айналды, әлеуметтік медиа дәстүрлі ақпарат көздерін алмастырды. Аудиториямен кері байланыс бұрын болмаған жаңа сипатқа ие болды; жаңа телевизиялық индустрия бизнестің басты құралдарын игере бастады, бәсекелестік орта телеарна жұмысын ұйымдастыру, басқару, контент сапасын арттыру және монетизация жолындағы ізденістерді жандандырды. Отандық телеарналарда аутсорсинг жүйесі жаппай енгізілді; Қазақстан медиа нарығында салалық телеарналардың қалыптасуы анық байқала бастады. Бір салаға ұшталған бірнеше арнаның болуы бәсекелестікті күшейтті, сапаны жақсартты; Қазақ телевизия журналистикасында белсенді қолданыла бастаған мобильді интернет, жасанды интеллект жүйелері мен үлкен мәліметтер базасы, виртуалды технологиялар жаңа дәуір телевизиясының бейнесін көрсетіп берді. **Менің пікірім ұсынылған қағидаттар бойынша мынандай:** 7.1 Аталған қағидаттар **толық дәлелденген**. 7.2 Қағидаттар **тривиалды емес**. 7.3 Ұсынылған қағидаттар **жаңа**. 7.4 Қолдану деңгейі **кең ауқымды**. 7.5 Диссертация тақырыбы бойынша жарияланған 16 мақаласында **қағидаттар дәлелденген**.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) **ия**; 2) жоқ	Диссертация тақырыбын зерттеуге таңдалған ғылыми әдіснама толық негізделген. Қолданылған деректерді саралау, теориялық зерттеу, құжаттар мен дереккөздерді іріктеу, статистикалық құжаттарды өңдеу, контент-сараптама, сауалнама мен мониторинг,

	ақпараттың дәйектілігі		типологиялық салыстыру және ғылыми тұжырымдау әдістері дұрыс таңдалып, диссертацияның сапасына оң әсерін тигізген. Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі болып отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми жаңалықтары басшылыққа таңдалған. Ғылыми жұмысты жазуда қазақ телевизия журналистикасының тарихын, қалыптасуы мен даму мәселелерін зерттеген ғалымдар М. Барманқұлов, Н. Омашев, Б. Жақып, Қ. Тұрсын, Ә.Молдабеков, С. Барлыбаева, К. Қабылғазының пікірлері мен тұжырымдары, М. Шыңдалиева, Ж. Әбдіжәділқызы, Н. Шыңғысова, А. Құрманбаева, А. Бейсенқұлов, М. Абдраев, Ұ. Есенбековаңың журналистиканың жанрлық-пішіндік ерекшеліктерін, телевизия өндірісіндегі жаңа технологиялардың шығармашылық үдеріске әсерін зерттеген еңбектері пайдаланылған. Шетелдік ғалымдардың ішінен жаңа медиа құбылысын зерттеген М. Наим, Ж. Бейнбриж, Н. Гок, Л. Тайнанның, ресейлік В. Третьяков, Я. Засурский, Г. Кузнецов, В. Цвик, А. Юровский, Г. Мельник, Г.Лазутинаның интернет кезеңіндегі тележурналистика мәселелеріне арналған іргелі еңбектері диссертациялық жұмыстың ғылыми-әдіснамасын құраған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) **ия**; 2) жоқ	Диссертацияның нәтижелерін өңдеуде компьютерлік технологияларды қолдану деңгейі жоғары, қазіргі заманғы машиналық өңдеу әдістері деректерді өңдеуде, қорытынды түйіндерді интерпретациялауда пайдаланылған. Зерттеу жұмысында талдаулар қорытындысы мен алынған нәтижелерді айқын әрі көрнекі етіп ұтымды көрсетуде, статистикалық мәліметтерді өңдеу мен талдауда гистограмма, диаграмма мен кестелер тиімді қолданылған, олардың көлемі де мол. Диссертацияның техникалық рәсімделу сапасы айтарлықтай жоғары.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін	Ізденуші диссертациялық зерттеу бойынша жасаған теориялық қорытындыларды, басты тұжырымдары мен практикалық ұсыныстарын осы жұмыс бойынша таңдалған дереккөздер мен ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып дәлелденген. Диссертацияда жасалған ғылыми тұжырымдар нақты

		нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия**; 2) жоқ	мысалдармен, ақпараттық дәуірдегі телевизияның даму тенденцияларын дұрыс анықтау арқылы дәлелденген. Ғылыми жұмыс Қазақ телевизиясының теориялық іргесін нығайтуға үлесін қосып, ұлттық телевизияның жаңа мазмұнын қалыптастыруға көмектеседі деп ойлаймын.
		8.4 **Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған** / ішінара расталған / расталмаған	Зерттеу жұмысының маңызды мәлімдемелері нақты әрі сенімді, ғылыми қауымдастық мойындаған әдебиеттерді қолданып жасалған сілтемелермен расталған. Ізденуші пайдаланылған әдебиеттердің көпшілігі шетелдік және отандық зерттеушілердің монографиялары, ғылыми басылымдардағы мақалалары, диссертациялық зерттеулерінен құралған. 8.1 пунктінде көрсетілген авторлардың ғылыми жұмыстарындағы теориялық тұжырымдар ізденушінің зерттеуіне негіз болған. Ғылыми еңбектердің басым бөлігі соңғы 5 жылда жарық көргені әдебиеттер тізімінен көрінеді. Диссертацияның сапалық деңгейінің жоғары болуына да ғылымдағы соңғы жаңалықтардың қолданылуы ықпал еткені байқалады.
		8.5 **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті** / жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиет көздері әдеби шолу үшін жеткілікті. Диссертант зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми әдебиеттер мен соңғы жылдарда жарияланған ғылыми материалдарды молынан қамтыған. Библиографияда Еуропа, АҚШ, Ресей зерттеушілерінің, отандық ғалымдардың теориялық және цифрлық технологиялар, жаңа коммуникациялық құбылыстар зерттелген арнайы сипаттағы еңбектерінен құралған 219 дереккөз атаулары келтірілген. Эмпирикалық мәліметтер BBC, CNN, ABC телеарналарының тәжірибелерінен, «Qazaqstan» ұлттық телеарнасы мен «Хабар» телеарнасының, отандық жекеменшік телеарналардың мұрағаттарынан, Media Metrix пен Kantar (бұрынғы TNS Central Asia) халықаралық маркетингтік деректер мен аналитикалық зерттеулер компанияларының мәліметтер базасынан алынып, жүйеленіп сарапталған. Диссертанттың телевизиядағы журналистік тәжірибесі де дереккөз ретінде орынды пайдаланылған.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) **ия**; 2) жоқ	Ғылыми зерттеудің теориялық маңызын жоғары бағалаймын. Зерттеу жұмысының нәтижелерін, тұжырымдары мен ұстанымдарын Қазақстанның ақпараттық кеңістігіндегі

			технологиялық жаңғырудың ықпалын, заңдылықтарын анықтауда теориялық негіз ретінде қолдануға болады. Диссертацияда айтылған ұсыныстар мен қорытындыларды, өңделген, талданған деректер базасын Қазақ телевизиясының дамуын коммуникациялық, технологиялық үрдістермен байланысты болжауға арналған ғылыми ізденістерде пайдалануға болады. Телевизиялық журналистика саласын зерттеушілерге де, журналистика мамандығы бойынша білім алушылар да диссертациялық жұмысты нұсқаулық ретінде қолдана алады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия**; 2) жоқ	Ғылыми еңбектің айтарлықтай практикалық маңызы бар және оның қорытындыларын практикада қолдану әлеуеті де жоғары. Диссертацияны дайындау барысында «Телевизиялық хабар дайындау технологиясы» (2017), «Тележаңалық: тәжірибе» (2022) атты оқу құралдары жарық көріп, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде цифрлық журналистика мамандығының Оқу-жұмыс бағдарламасына енгізілген. Бұл оқу құралдары университеттің 2-3 курс студенттерінің дәрістері мен практикалық сабақтарында қолданылып келеді. Диссертацияның қорытынды нәтижелерін жоғары оқу орындарында журналистика мамандығы бойынша білім алушы студенттер мен магистранттар, докторанттар теориялық және практикалық көмекші құрал ретінде қолдана алады. Медиа, оның ішінде телевизия саласының мамандары үшін де ғылыми еңбектің практикалық маңызы зор болмақ.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) **толығымен жаңа**; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Ғылыми ізденіс нәтижелерінің практикалық қолданыс аясы ақпараттық-коммуникациялық ортаны зерттеуші ғалымдар мен журналистика, цифрлық медиа мамандықтары бойынша білім алушылардан бастап, Қазақстанның ақпарат тарату құрылымдарын да қамтиды. Зерттеу жұмысының жаңа мазмұндағы практикалық ұсыныстары аталған білім мен медиа субъектілеріне құнды кәсіби кеңес түрінде пайдалы болары анық.

10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Ізденушінің академиялық жазу қабілеті мен дағдыларын жоғары деп бағалаймын. Диссертация жинақы ғылыми стильмен жазылған, ауқымды теориялық дереккөздер және қисынды топтастырылған эмпирикалық материалдарды талдауға негізделген тұжырымдар жасай отырып дайындалған.

Ресми рецензенттің қорытынды пікірі:

Калиаждарова Шынар Идрышевнаның «6D050400» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақстан телеарналарының даму тенденциялары және инновациялық үлгісінің қалыптасуы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын мақсаты мен міндеті айқын, ғылыми жаңашылдығы мен теориялық, практикалық маңызы жоғары деп бағалаймын. Диссертация ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық жауап береді.

Ғылыми жұмысқа берілген сын-пікірлерді негізге ала отырып, Калиаждарова Шынар Идрышевнаны философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты ізденуші деп санаймын.

Ресми рецензент:

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Телерадио және қоғаммен байланыс кафедрасының
профессоры м.а., филология ғылымдарының кандидаты **Ұ.М. Есенбекова**

Қолын куәландырамын
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАДР ҚЫЗМЕТІ
«11» 12 2023г.